

**Алматы облысы Балқаш ауданы «Бірлік орта мектебі» мкм
2022-2023 оқу жылының басталуына байланысты өтетін жалпы
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының
ХАБАРЛАМАСЫ**

тамыз - қыркүйек

«Мектепке жол» акцияның жалпы мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы шілде айының 5-нен басталып, 30-шы қыркүйекке дейін жалғасын табуда. Осы жылы ауылымыздың «Бірлік» АФ демеушілігімен жетім, жартылай жетім, әлеуметтік отбасы төмен және көп балалы отбасынан жалпы соммасы 486 000 теңге 21 оқушыға мектеп формасы аяқ киімімен қамтамасыз етілді. Ол оқушылардың 8 қыз бала, 13 ұл бала. 8 қыз баланың, әр қайсысына 25 000т бөлінгенде барлығы 200 000т. 13 ұл баланың әр қайсысына 22 000т. бөлінгенде 286 000т. жұмсалған.

Акция ары қарай жалғасын Балалар жылы аясында Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен 2022 жылдың 12 тамыз күні, сағат 9.00-де білім бөліміне қарасты мекемелеріндегі мүмкіндігі шектеулі, жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына аудан орталығындағы спорт кешенінде «Бар

мейіріміміз балаларға!» тақырыбында Бірлік орта мектебінен 10 оқушы қатысып марапат қағаздарына ие болды.


Шараның мақсаты:

«Жана -Қазақстан » Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси жолы жас ұрпақты тәрбиелеуде, оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, үлгі көрсету, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіруге, ынтымақтастық педагогикасын пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Акция ары қарай жалғасын ауыл әкімінің тарапынан үш оқушыға 30 000т. көлемінде оқу құралдары мен мектеп сөмкесі берілді.

Тамыз айының 10.08-25.08.2022 аралығында мектепке жол акциясы жалғасын тауып, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларға, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету мақсатында 6 оқушыға оқу құралдары мен мектеп сөмкесі берілді.

Биылғы жылы мектепте жартылай жетім 11 отбасыдан шыққан 19 оқушы, аз қамтылған 9 отбасыдан шыққан 15 оқушы, көп балалы отбасыдан 135 оқушы 54 отбасыдан, үйден оқытылатын 2 оқушы. Олар: Самғатұлы Жарқын 9а сынып Ермекұлы Наурызбай 9а сынып. Бұл оқушылар денсаулығына байланысты облыстық психолого-медико- педагогикалық консультациясының анықтамасы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен үйден оқытылады.

Таныстырған әлеуметтік педагог:  Д.Қ.Қаирғали